**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО ЦЕЛИНОГРАДСКОМУ РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2023ж. 21.12 № 420

Ақмол ауылы село Акмол

**2023-2024 оқу жылында
ауыл мектептерінің 9-11 сынып
оқушыларына арналған
жалпы білім беретін пәндер бойынша
Республикалық олимпиаданың
екінші (іріктеу) кезеңін өткізу туралы**

«Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 470 хатының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

I. 2023-2024 оқу жылында ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың екінші (іріктеу) кезеңі, Астана уақытымен сағат 09:00-де, 22 желтоқсан күні қоғамдық - гуманитарлық, жаратылыстану - математикалық бағыт Қараөткел ауылының мектеп гимназия базасында өткізілсін;

II. Мектеп директорларына:

1) Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың екінші (іріктеу) кезеңі қатысушылары мен жетекшілердің уақытында келуін (тасымалдауын) қамтамасыз етсін;
2) Олимпиаданың өтетін орнына (тірек мектебіне) бару және болу кезінде олимпиада қатысушыларының өмірі мен қауіпсіздігіне жауапкершілікті жүктей отырып топ жетекшілерін тағайындасын;
3) Әр оқушының ата-анасымен топ жетекшілердің жауапкершілігіне орай сенім хаттар, ата-аналар тарапынан фото, бейне түсірілім және жеке деректерді өңдеу бойынша келісімді дайындасын;
4) Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың екінші (іріктеу) кезеңі қатысушыларында жеке немесе туу туралы куәліктерінің, эпидемиологиялық орта туралы анықтамаларының болуын қамтамасыз етсін;
5) Олимпиаданың өтетін орнына (тірек мектебіне) және қайтар жолда олимпиада қатысушыларының тасымалын және жол полициясы қызметкерлерінің ілесіп салуын қамтамасыз етсін.

III. Олимпиаданың өтілуіне кабинеттердің дайындығын, орнын қамтамасыз етуін Қараөткел ауылының мектеп гимназиясының директорының міндетін атқарушы Т.Емековаға жүктелсін.

IV. Олимпиаданың өтілуіне жауаптылар:

Байболатова М.К. – Білім бөлімі әдістемелік кабинетінің басшысы
Мусина А.Д. – білім бөлімінің әдіскері
Корғанбеков Е.С. – білім бөлімінің әдіскері
Сухаш Г.А. – білім бөлімінің әдіскері
Айтпаева Ж.С. – білім бөлімінің әдіскері
Қарабас А.Қ. – білім бөлімінің әдіскері
Жумабай А. – Талапкер ауылының жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі

VI. Бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің әдіскері Ж.Айтпаеваға жүктелсін.

**Басшы** **С.Искаков**

000684